

**№1 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінде «Жыныстық
жетіспеушіліктің алдын алу» тақырыбында 9-10-11 сыныптың қыздарымен
өткізілген қыздар жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 18.05.2018 жыл

Қатысқандар:

ДТІЖО А. Жамберова

Мектеп психологы: Л.Смайлова

Мектеп медбикесі: Г.Қошуақова

9-10-11 сынып қыздары

Сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. «Жыныстық жетіспеушіліктің алдын алу» туралы түсіндірме жұмысын жүргізу А. Жамберова
2. «Ерте жүктілік тәрбие жеткіліксіздігінің салдары» тақырыбында баяндама Л.Смайлова

Аталмыш іс – шараны мектебіміздің ДТІЖ-гі орынбасары жиналыстың мақсатын түсіндіріп өтті. А. Жамберова сөз барысында Қазақта « қызды қырық үйден тыю» деген сөз бекер айтылмаған. Біздің ата-бабамыз келешек ұрпағының тазалығын қыздың тәрбиесінен бастаған. Осындай дәстүрдің бәрін жоққа шығарып, демократияны желеу етіп, өркениеттілік осы екен деп, бетімен кету-ол біздің ата дәстүрімізге, жалпы ұрпағымызды тәрбиелеп өсіруге кері әсерін тигізеді.

Мектебіміздің педагог психолгі Л.Смайлова Отбасындағы, мектептегі қыз тәрбиесінің қаншалықты маңызы бар екендігі жайында сөз етті. Халқымыз «қыз-қонақ» деп, төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Бүгінгі күннің трагедиясы тәрбиеден басталып жатқан жайы бар. Біз көз жұма қарап жүрген бұл өзекті мәселенің мән-жайынан қалың көпшілік хабардар. Өрімдей жас қыздардың басына түскен қасырет олардың өмірінде сызат қалдырады. Ашығын айтар болсақ, бұл күні жеткіншек қыздардың оң жақта отырып-ақ құрсақ көтеруі жиіледі. Бұрындары қысылғанда қуыс таппайтын құбылыс енді бір-екі жел сөзге ұласып, жабулы қазан жабулы күйінде қалатын болды.

Ойнап жүріп от басқан жас қыздарымыздың көпшілігі кездейсоқ жүктілікке ұрынып, оның соңы жасанды түсікке немесе сәбилерін бөбектер үйіне өткізуге әкеп соғып жатады. Бұл ең алдымен, қыз баланың дегсаулығына зиян келтіріп, болашақ өміріне балта шабатыны белгілі. Жоспарланбаған жүктілік әйел затын психологиялық күйзеліске ұшыратады. Егер біз қоғам болып ұлт болашағын ойласақ, қызбала денсаулығы мен тәрбиесіне аса мұқият болғанымыз жөн.

Дайындаған: Л. Смайлова

